



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

• ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Жасанды интеллект, жаңа дәуір

Облыста цифрлық трансформация мен жасанды интеллектті енгізу мәселелері Премьер-Министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевтің қатысуымен өткен кеңесте жан-жақты талқыланды. Күн тәртібіне телекоммуникацияны дамыту, киберқауіпсіздік, IT-хабтар жұмысы, smart-city және smart-өнірлер жобалары, сондай-ақ, Халыққа қызмет көрсету орталықтарын түбегейлі жаңғырту мәселелері қойылды.

Жәлел ШАҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қауіпсіз қала: камера сөйлеп, нейрожелі талдайды

Облыс бүгінде жаңа технологияларды тәжірибеден өткізіп қана қоймай, оларды нақты өмірде қолданудың тиімді моделін қалыптастырып келеді.

Облыстағы қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің негізін 4 мыңнан астам бейнебақылау камерасы құрайды. Оларға жылдамдық өлшегіш, интеллектуалды киылыс, smart жаяу жүргінші өткелдері секілді 180 аппараттық-бағдарламалық кешен біріктірілген.

Қарағанды мен Теміртауда орнатылған 22 «Аргус-жаяу жүргінші» кешені жол қозғалысы ережесін бұзуды нейрожелі арқылы автоматты түрде тіркеп, материалдарды полицияға жолдайды. Нәтиже де бар. Бұл жүйе орнатылған учаскелерде жаяу жүргіншілер қатысқан жол-көлік оқиғасы тіркелмеген.

Адамның бет-әлпетін тану технологиясы да қарқынды дамуда. Қазіргі таңда аймақта 100-ге жуық бет-әлпетті тану функциясы бар камера жұмыс істейді. Олар ПМ мен КІРЭБ-тің іздеу базаларымен біріктірілген. 2024 жылы осы жүйе арқылы 268 іздеуде жүрген адам анықталыпты.



Алайда, камералардың орналасуы әрдайым тиімді бола бермейтінін ескерген мамандар тың шешім ұсынды.

– Қаладағы бейнедомофондарды пайдалану – ең оңтайлы жол. Олар орнату бұрышы мен орналасуы жағынан бет-әлпетті тануға өте қолайлы. Қазір екі тұрғын үй кешенінде пилоттық жоба іске қосылды. Биыл оны қоғамдық қауіпсіздікті



үнемді әрі тиімді күшейтудің жедел тәсілі ретінде кеңейтеміз, – деді Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер және архивтер баскармасының басшысы Константин Ильницкий.

Apple Store стиліндегі ХҚО және ақылды басқару

Мемлекеттік қызмет көрсету сала-



сында да түбегейлі бетбұрыс күтілуде. ХҚО-лардың дәстүрлі форматы өзгеріп, процеске емес, нақты нәтижеге бағытталған жаңа философия енгізіледі. Бұл тұжырымдаманы «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев таныстырды.

➤ 2-бет

• РЕСМИ

Құрылыс кодексі жаңартылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге, саланы жүйелі жаңғыртуға және заманауи талаптарға сәйкестендіруге бағытталған.

Аталған Заңның толық мәтіні бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Құжатта көзделген түзетулер мен толықтырулар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге, саланы жүйелі жаңғыртуға және заманауи талаптарға сәйкестендіруге бағытталған.

Заңнамалық өзгерістердің бірқатарына қатысты сала маманы өз пікірін білдіріп, оның практикалық маңызы мен ықпалына тоқталды.

– Егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына өзгерістер енгізу тәртібі нақты регламенттеліп, олар екі жылда бір рет қайта қаралатын болды. Атаулы шешім құрылыс саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ, сейсмикалық қауіпсіздік талаптарын күшейтуге арналды. Сонымен қатар, «бір жоба – бір мердігер» қағидатын енгізу ұсынылды. Енді жобалау мен іске асыру үдерісіне бір ғана мердігер жауапты болады. Нәтижесінде жауапкершілік артып, сапа бақылауы күшейеді. Екінші маңызды жаңашылдық – құрылыс нысандарының сапасына қойылатын талаптар мен кепілдік мерзімінің ұлғаюы. Мемлекеттік нысандар болсын, тұрғын үй объектілері болсын, олардың кепілдік мерзімі 10 жылдан кем болмауға тиіс, – деді Қазақстан Республикасы Құрылысшылар одағының мүшесі Диляра Сейітнұрова.

Өз тілшімізден

«Сегізінші кереметтің» серпіні

Жаһан ЖИ-ға құрық салғалы қашан. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойды. Бір сәтке ойланғы көрінісі. Виртуалды шахтада кенші бұрнағыдай малмандай терге малынбай, тінтуірмен кен қазса, шіркін. Немесе, қырдағы фермер ЖИ арқылы дронға «Биылғы жылда егін шығымы қандай болмақ екен? Біліп кел!» деген тапсырма беріп отырса, үйінде. Екіұдай ойда қалуыңыз жасырын болмас. Иә, бұл әбден мүмкін.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Мен Жолдауымда Цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан, келесі жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ», – деп түсіндірген болатын Президент бұл шешімін. Мемлекет басшысының осындай көреген байламы біртұтас Қазақстанды, соның ішінде орталық облысты түбегейлі өзгерістерге жетелейді. Мақсат – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру. Қарағанды үшін, бұл сәйкес үдерісті үш есеге шарықтатып, smart-жүйеге ойысу дегенді мензейді. Қарапайым бір мысал: шахтадағы шақырымдық есеп қағаздарының орнына өндіріс деректері нақты уақыт ағымында талданатын цифрлық платформалар қолданыла бастайды.



Суреті ЖИ негізінде жасалған Ерқанат Кеңесбекұлы

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі мағлұмат бұлағында былтыр мемлекеттік қызметтердің 80%-ы цифрланса, биыл көрсеткіш 95%-ға жетеді деген мәлімет кездесті.

Жергілікті бизнес, әсіресе, шағын кәсіпкерлік үшін Президент Жарлығы – серпіліс серіппесі. Мұндағы кез келген кәсіпкер e-commerce сынды пайдасы ұшан-теңіз платформаларды интеграциялап, сатылымын 30-50%-ға арттыра алап, демек. Яғни, зымыран заманда бір қолынызбен екі қарбыз көтеріп әуреге түспейсіз. Керісінше теңдессіз технологиямен елу қарбызды еңсере бересіз. Қалайша? Логистика мен қисап қисынын автоматтандыру жолымен.

Финтех-компаниялар, IT-стартаптар құру, пайдалы қазбаларды өндіру өнірдің ЖІӨ-нің 25%-ын береді. Смарт тетіктер өнеркәсіп үшін «сегізінші кереметке» айналып келеді. Парасатты алгоритм жабдықтың бұзылуын алдын ала болжап, кідірісті 20-30%-ға азайтады, деп бағалайды халықаралық сарапшылар. Соңыра ауыл шаруашылығы үшін дрондар топырақты талдап, егісті тиімді «орналастырып», өнімділікті 15%-ға арттырады. Аймақта іске асқан қанатқақты жобалар қылмыс деңгейін 10%-ға дейін төмендеткені нақында газетіміздің өткен сандарында тарқатып жазған едік. Оны қайтадан ежіктеп қажеті жоқ-ау. Ақылыға ишара жетеді.

Қарағанды үшін, энергетикалық бағытты ескере отырып, цифрландырылған желілер шығынды 15%-ға азайтады келер күндерде. Сандық технология жаңартылатын энергия көздерін басқаруға көмектеседі. Металлургиялық зауыттар осы



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

орайда салық жеңілдіктерін еншілеп, инвестиция игілігін жылына 20-25 млрд теңгеге ынталандырады. Реформа түсінігі таяу болашақта smartфондағы кезекті жаңартуы тәртізі мәнге ие болады: ескі қателік кетеді де, жылдамдық еселеп артады.

Қарапайым Қарағанды тұрғыны үшін қолайлылық: цифрлық мемлекеттік қызметтер ХҚО кезегін қысқартқалы қашан. Онлайн бағдарламалау курстары 2027 жылға дейін 10 мың жас маманды дайындайды деген долбар бар. Бизнес орта үшін – тынымсыз өсім кезеңі дер едік. Солайша, Қасым-Жомарт Тоқаев реформалары өңірде IT секторында 5 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік тудырып отыр. Әлбетте, қиындық әрнені қайта оқытуды талап етеді. Мемлекет тарабы жұмыс күшінің 30%-ына арналған байыпты бағдарламаларды уәде етеді.

Жергілікті кәсіпкер, Қарағандыдағы IT компаниясының иесі Елена Мир былай дейді:

– Біз, шағын бизнес үшін цифрландыру – құрдымдағы құрбақаны құтқарумен парапар. Нақтыласақ, ЖИ жиілігін логистикаға енгіздік, сатылым 35%-ға өсті. Президент пәрменін өз басым, қос қолдап қолдаймын! 2026 жыл – атымызға қанат тағатын шақ.

Жаңа жыл жасампаздық діттейді. Ал, Сіз ше? Жаңғыруға дайынсыз ба?

Акцияның шарапаты мол

Быттыр «Таза Қазақстан» акциясына 130 мыңнан астам адам, 9 мың ұйым мен кәсіпорын қатысты. 1500 арнайы техника бірлігі тартылып, 135 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылған. Ғарыштық мониторинг барысында анықталған 580 заңсыз қоқыс тастау орны жойылды, 60 мың жасыл желек отырғызылып, 250 саябақ пен сквердің аумағы тазартылды, 500 тарихи-мәдени ескерткіш жөнделді, 125 су айдынының жағалауы тазартылды. Қала тазалығының ережелерін бұзу бойынша 505 бапқа сәйкес 40 мың әкімшілік хаттама толтырылып, 120 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Бірегей архитектуралық көріністі қалыптастыру мақсатында 2025 жылы 215 көпқабатты тұрғын үйдің шатыры мен фасадын жөндеу жұмыстары басталған. 169 нысанда жұмыстар аяқталса, 46 нысанда жұмыстар биыл жалғасады. Облыс әкімдігінде өткен аппарат отырысында «Таза Қазақстан» жалпұлттық жобасы қорытындыланды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен жиында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев баяндама жасады.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында 2025 жылы 125 контейнерлік алаң құрылған. Жекелей алғанда, Қарағандыда – 40, Балқашта – 58, Шахтинскіде – 27 алаң бар. 1995 қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнер орнатылды. Қарағандыда – 400, Балқашта – 275, Шахтинскіде – 270, Абай ауданында – 1050.

Өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуда жасыл желектер орасан рөл атқарады. Басқарма басшысы Тілектес Досаев жасыл желектердің санын анықтауда жаңа технология іске қосылғанын айтты.

Жасыл желектерді инвентаризациялау және цифрландыру жұмыстарын жүргізу аясында Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы «Greenpar» мобильді қосымшасын әзірледі. Бұл қосымша жасыл желектерді инвентаризациялау және цифрландыру жұмыстарын жүргізуге арналған. 1,8 млн жасыл желек цифрландырылды. Яғни, қосымшаға өңір аумағындағы желектердің нақты саны тіркелді, – деді Тілектес Досаев.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңістіктерді, оның ішінде, саябақтарды, жағалауларды және аллеяларды абаттандыру жобалары жүзеге асырылуда.

Облыстық мәслихаттың XXV сессиясының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 283 шешімімен «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту концепциясын іске асыру бойынша облыс үшін 2024-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспар 48 іс-шарадан тұрады. 2025 жылы жоспарланған 38 іс-шара толық көлемде жүзеге асырылған.

Экологиялық жауапкершілікті арттыру және халықпен кері байланысты дамыту мақсатында «Таза Қазақстан» чат-боты жұмысын жалғастыруда. 2025 жылдың 1 қаңтарынан 1 қаңтарына дейін аймақ тұрғындарының 1911 өтініш түсті. Барлық өтініштер қала және аудан әкімдіктері тарапынан уақытылы қаралды. Чат-бот тұрғындарды абағтандыру және экология мәселелеріне тарту үшін қолайлы және қолжетімді құралға айналды. Тұрғындарға проблемаларды нақты уақытта хабарлап, олардың шешілу барысын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс қоршаған ортаға деген жеке жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Қарағанды облысы экологиялық акцияны сәтті жүзеге асыру бойынша республикадағы үш өңірдің қатарына кіретінін айта кету керек. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы жұмыстар биыл да жалғасады, – деді Тілектес Досаев.

«Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту концепциясын

жүзеге асыру мақсатында облыс бюджеті есебінен өткен жылы Абай қаласында сұрыптау желісі бар тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының құрылысы аяқталды. Сұрыптау желісі бар полигон жылына 15 мың тоннаға дейін қалдықтарды сұрыптауды жоспарлауда. Полигон заманауи сұрыптау желісімен жабдықталған. Қайта өңдеу үшін екінші шикізат алуға мүмкіндік береді. Қондырғылар Қазақстанда шығарылған. Сонымен қатар, Балқаш қаласында тұрмыстық қатты қалдықтар полигоны сұрыптау желісімен инвестор «BioEcoService SBA» ЖШС қаражаты есебінен салынды, сомасы – 600 млн теңге. Полигонның аумағы 35 гектар, Қоңырат карьерінің солтүстік-шығыс жағында, қаладан 20 шақырым қашықтықта орналасқан.

Одан бөлек, Қарағанды қаласының «ГорКомтранс» ЖШС қытай инвесторларын тарта отырып, тұрмыстық қатты қалдықтарды энергетикалық утилиздеу зауытын (қоқыс жажқыш зауыт) салуды жоспарлап отыр. Жоба қуаты – жылына 200 мың тонна, жобаның құны – 30 млрд теңге.

Алдағы жылдары Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров, Шет аудандарында сұрыптау желісі бар алты тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын салу жоспарлануда. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттамалар әзірленуде.

«Таза Қазақстан» экологиялық



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

акциясы туристік аймақтарда да сәтті атқарылды. Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев 2025 жылы қалада санитарлық тазалау, көгалдандыру және қалалық инфрақұрылымды дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілгенін айтты.

«Таза Қазақстан» акциясының көктемгі және күзгі кезеңдерінде 35 қалалық сенбілік өткізілді. 150 ұжым мен 45 техника бірлігі тартылды. 350 гектар жер тазартылды, жалпы 1 000 тонна қоқыс шығарылды. Заңсыз қоқыс төгілген орындарды жоюға ерекше көңіл бөлінді. Қоңырат шағын ауданының, Тораңғалық және Рембаза ауылдарының аумақтарынан 17 000 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Бұл жұмыс жалғасуда. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары да қарқынды. Тұрғындар мен туристерге жайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінді. Туристік және қоғамдық аймақтарда тазалықты сақтау үшін санитарлық-гигиеналық тораптарды орнату және жөндеу бағдарламасы іске асырылды. «Қазақмыс» корпорациясының есебінен 3 000 түп ағаш отырғызылды, – деді Сапар Сатаев.

Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов металлургиялық шаһарындағы ахуалға тоқталды.

Қаламыздың негізгі ластанушысы «Qamet» АҚ болып қала береді. Экологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында компания 2024-2030 жылдарға арналған арнайы Жол картасын әзірледі. Жоспар 45 мың тоннаға дейін шығарындыларды төмендетуге бағытталған 44 іс-шараны қамтиды. Негізгі мақсат – ауаның ластануын төмендету, ағынды суларды басқару, сондай-ақ, қалдықтарды, соның ішінде парниктік әсерді азайту. Жол картасына сәйкес, эмицияны кезең-кезеңімен жалпы 30 пайызға дейін төмендету жоспарланған. Негізгі шаралар – негізгі өндірістерді табиғи газға көшіру және ескірген жабдықтарды ауыстыру, сондай-ақ, қолжетімді үздік технологияларды енгізу. Қазіргі уақытта домна цехы толықтай газға көшкен. Сондай-ақ, бірінші катамистік цехтың әдістемелік пештерінде табиғи газ қолдану басталды, – деді Ғалым Әшімов.

Теміртау қаласында жеке тұрғын үй секторын газдандыру жобасы аяқталды. Инженерлік газ инфрақұрылымы шамамен 6 мың жеке тұрғын үйге жетті. Қазіргі таңда 2 228 үй орталықтандырылған газбен қамтамасыз етілген. Тағы 2 900 үй қосылуға техникалық шарттар алды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жасанды интеллект, жаңа дәуір



(Соңы. Басы 1-бетте)

Әр азамат мұнда қызмет алу үшін ғана емес, өзінің өмірлік мәселесін шешу үшін келуі керек. Көп жағдайда бұл оператордың қатысуынсыз жүзеге асады. Жаңа модельдің өзегі – AlemGPT негізіндегі өз-өзіне қызмет көрсету терминалдары, – деді ол.

Жаңа форматтағы цифрлық ХҚО-ларда өздігінен қызмет көрсету терминалдары, Egov 3.0 планшеттері, цифрлық ассистенттер мен биометрия, негізгі мемлекеттік жүйелерге қолжетімді жұмыс орындары және постоматтар жұмыс істейтін болады.

Осы арқылы азаматтар жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, білім туралы құжаттар, апостильденген анықтамалар мен АХАТ құжаттарын қайта келмей-ақ алады.

Сонымен қатар, Қарағандыда біріккен қалалық коммуналдық диспетчерлік орталық құру да ұсынылды. Бұл бастаманы KAZPROM АВТОМАТИКА компаниясының техникалық директоры Дмитрий Лепехов таныстырды. Жоба су, жарық, жылу секілді коммуналдық қызметтерді ашық әрі әкімдік бақылауындағы бір жүйеге біріктіруді көздейді. Алғашқы пилот Ыбырай Алтынсарин атын-

дағы мектеп-лицейінде іске асырылмақ.

Жоба өзекті. Егер іске асса, оны республика көлемінде таратуға болады, – деді Жаслан Мәдиев.

Сапар барысында министр ІТ-мектеп пен TUMO Center ашылатын нысандарды да аралады. Бұл орталықтарда 12-18 жас аралығындағы жасөспірімдер генеративті жасанды интеллект, бағдарламалау, 3D-модельдеу, робототехника бағыттары бойынша тегін білім алады.

Қарағанды облысы бүгінгі таңда жасанды интеллекті нақты басқару құралы ретінде қолданудың озық үлгісін көрсетіп отыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев атап өткендей, өңірде Цифрлық трансформация картасы мен Ақылды қалаларды дамыту стратегиясы бекітілген.

Біз жасанды интеллект агенттерінің санын емес, тиімділік беріп жатқан нейрондық желілер мен аналитикалық модельдерді таңдадық. Бұл – халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты жұмыс, – деді аймақ басшысы.

Жасанды интеллект кеншілер астанасында бүгінгі күннің шындығына айналды. Ал, бұл тәжірибенің ертең бүкіл елге таралатыны анық.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Шағын бизнес: жаңа сын-қатерлер

Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы алаңында сауда қызметін реттеу саласындағы заңнама талаптарын түсіндіру және әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының (ӘМАТ) жаңартылған тізбесін қолдану мәселелеріне арналған кеңейтілген кеңес өтті. Аталған іс-шараға мемлекеттік органдар өкілдерімен қатар, өңір кәсіпкерлері де белсенді қатысып, өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Кеңестің модераторы ретінде облыстың сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Абзал Рахымбаев сөз сөйлеп, жиын барысында енгізіліп жатқан заңнамалық өзгерістердің мән-маңызын жан-жақты түсіндірді. Бұл туралы облыстың кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі мәлімдеді.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абзал Рахымбаев өз сөзінде 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап, әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларына қатысты шекті бағаларды белгілеу құзыреті жергілікті атқарушы органдардан алынып тасталатынын атап өтті. Оның орнына, бағаға бақылау тікелей өндірушінің босату бағасынан немесе шартта көрсетілген жеткізушінің сатып алу бағасынан 15 пайыздан аспайтын сауда үстемесі арқылы жүргізіледі. Бұл тәсіл нарықтағы бәсекелестікті күшейтуді, бағаларға әкімшілік араласуды азайтуды және сауда қатысушыларына түсетін қысымды жеңілдетуді көздейді. Сондай-ақ, Сауда және интеграция министрінің бұйрығына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларының тізбесі 31 атауға дейін кеңей-

тілгені хабарланды. Бұл шешім уақытша сипатқа ие және оның басты мақсаты – халықтың күнделікті тұтынатын негізгі азықтүлік өнімдерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мен бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Кеңес барысында 2025 жылы сауда саласында мемлекеттік бақылау шеңберінде жүргізілген жоспарлы және жоспардан тыс тексеру іс-шараларының қорытындылары да талқыланды. Олардың нәтижесі бойынша заңнама талаптарын бұзған бірқатар сауда субъектілері әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Осыған байланысты Абзал Рахымбаев кәсіпкерлерге қолданыстағы заңнама талаптарын мұқият сақтау қажеттігін ескертті және туындаған сұрақтар бойынша уәкілетті органдардан ресми түсіндірмелер алуға кеңес берді.

Кеңес аясында кәсіпкерлер



жаңа талаптардың шағын бизнеске, әсіресе, «үй маңындағы дүкендерге» қалай әсер ететіні туралы алаңдаушылықтарын білдірді. Олардың айтуынша, мұндай дүкендердегі өнімнің 60-70 пайызы әлеуметтік маңызы бар тауарлардан тұрады, ал, электр қуатының, логистика, салық пен жалдау шығындарының артуы рентабельділіктің күрт төмендеуіне алып келіп отыр. Сонымен қатар, кәсіпкерлер ірі сауда желілері

мен шағын дүкендер арасындағы сатып алу шарттарының теңсіздігін де мәселе ретінде көтерді. Ірі желілер тауарды көтерме бағамен сатып алуға мүмкіндік алса, шағын бизнес көбіне өнімді жоғары бағамен сатып алуға мәжбүр. Алайда, 15 пайыздық сауда үстемесі талабы барлық сауда субъектілеріне бірдей қолданылатыны олар үшін қиындық туындады.

Бизнес қауымдастығы тарапынан сауда үстемесін сараланған

тәртіппен енгізу, яғни шағын және ірі сауда субъектілері үшін әртүрлі пайыздық шектеу қарастыру, сондай-ақ бақылау шараларын көтерме жеткізушілер деңгейінде күшейту ұсынылды. Бұл ұсыныстар кәсіпкерлердің қазіргі экономикалық жағдайда өміршеңдігін сақтауына және әділетті бәсекелестік ортаны қамтамасыз етуге бағытталған.

Облыстың кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпей-



**ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...**

ісов кеңес барысында айтылған барлық ұсыныстар мен пікірлердің тіркелетінін және оларды уәкілетті мемлекеттік органдармен одан әрі диалог аясында қарастыру үшін жолданытынын атап өтті. Сонымен бірге, ол палата тарапынан кәсіпкерлер үшін заңнама бойынша кеңес беру және түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілетінін айтты. Оның пікірінше, бизнес өкілдері қабылданып жатқан әлеуметтік бағыттағы шаралардың мәнін түсінді, алайда, олардың практикалық сәлдарына да назар аудару маңызды.

Жалпы, бұл кеңейтілген кеңес кәсіпкерлер мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға, сондай-ақ, баға тұрақтылығы мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге тиімді диалог алаңына айналды. Алдағы уақытта мұндай кездесулерді тұрақты өткізу арқылы, елдегі азықтүлік қауіпсіздігі мен әділетті сауда қағидаларын қалыптастыруға мүмкіндік туады деп күтілуде.

Сурет облыстың кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметінен

• ТАҒЫМ

Ізгі руh ізсіз кетпейді

«Еліне еркін еркелеп өскен
Мен де бір аңғал, тентек емес пе ем...»
Қайрат АСҚАР

Интимдік лирика! Махаббаттың мұң-зарын, арман-мұратын, гадауаты мен алау отын шынайы түрде бере білген шығарма түрі. Біз оны Серік Ақсұнқарұлының осы тақырыптағы жұп-жұмыр жыр жолдарынан танығанбыз. Саналы адамның түйсік түпкіріндегі мейірім мен ізгіліктің ұясы осы Махаббат болса керек. Абыз Абай да айналып өтпеген; «...Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосындар...». Ал Секен не дейді?!

«...Мен Дауыспын.
Еркін үн-пірім.
Онсыз да тұншықтым.
«Сақтанындар!» – дейтұғын
Дауысымын Фучиктін.
Көлеңкеден дір еттім жас үзіліп жанардан.
Мен – Азамат жүрегінің лүпілінен жаралған –
Интимдік лирика» – деп түйіндейді тілеулес, ұстаз ағамыз. «Дауыс» атты дара жыр жинағының авторы, ақын Қайрат Асқардың қазасына Қарағанды мен бүкіл Арқа аза тұтып тұрғанда, Серік ақсақал фейсбуктегі парақшасында фәниден көшкен шайыр шәкірті жайында ағынан жарылған болатын. Енді міне, жан еркіндігі мен мінез еркелігі, болмысы боямасыз бауырымыз, досымыз, арда ақын, аяулы азаматты жиі еске алып, елесіне елтіп, еңіреп жүрміз...

Біздің жолымыз тоқсаныншы жылдардың басында, Ұлттық сананы ұлықтайтын мектеп-аралық «Сиқырлы қазан» сайысында тоқайласты. Қарағайлыдағы қазақ мектебі аудандық сайыста топ жарып, облыстық додаға жолдама алды. Сол жолы ақтық жарыста біздің мектеп командасы Қарағанды орталығындағы №2 мектеп-интернатымен иық тірестік. Сол мектепке кейіннен ауысып барған сыныптық қыздардан Қайрат Асқаров деген дарынды оқушының барына қанық едім. Фиалда айтыс болып, мен оқу ошағының озат баласының өзімен үзеңгі ғасыстырдым. Оған да отыз бес жыл уақыт өтіпті. Содан біздің бойымызда баянды байланыс басталды. Бала-лық шағы Қарқаралы ауданы «Бесоба» совхозының «Қамқор», «Қызылтұ», «Қарашоқы» бөлімшелерінде өткенімен бірінші сыныптың жарты жылынан соң облыс орталығындағы мектеп-интернаттың есігін имене ашады. Сірә, лириканың алғашқы лебі осы ауылға, ата-анасына деген сағыныштан себезгілесе керек. «Мен туған жер» атты өлеңі сол бір сезімдерді мезгеген сияқты:

«...Аптығып албырт көңіл ат қамшылар,
Гүлдерден ыршып түсіп пәк тамшылар.
Бесоба бүгін неге елеңдеп тұр,
Сағынып ұлы келе жатқан шығар?
...Жан күйіп сағыныштың отына мың,
Тістелеп қаламымды отырамын.
Жырымның нәрестесін әлдилеген,
Туған жер қасиетті топырағым...», – десе,
«Біздің ауыл»-деген дүниесінде:
«Сағыныш толы жүрегім
Шарпылып сезім отына,
Тұғырым туған, тірегім –
Келемін Қарашоқыма.
Шуағын еміп жайдарман,
Бұлаңдап өскен бұла ұл.
Кіндігім мәңгі байланған,
Қазығым алтын – бұл ауыл!», – деп дәйекті дауысымен дәлелдей түседі. «Баскарманың баласы» боп «бұла» өскенімен өмір мектебі оның өресіндегі ойларды өзгеше өргізді. Ай-



наласындағы дос-жаран, кластас-құрбыларын бөле-жара қоймайтын Қайрекең осы жолда ерте есейді. Ой орманын мейлінше жалғыз аралады. Оның манында өзінің шығармашылық шырақшысы, яғни Музасының міз бақпайтын бақылауында болды.

Нашар өлең жазуға алғыр да акпейіл дарыны мен алғашқы ұстаздарының бағыты жібермеген шығар. Ұлағатты ұстазы, ұлттың үнін тереңнен сезінетін Ләззат Бәйшқызы апайды Қарағанды жұртшылығы ұмытпа қойған жоқ. Сол бір шуақты ұстаз-анамызға былай дейді:

Тірегі дара – Ел ана ғана,
Ерлікті ту ет жасмай!
Қарқабат, Ұмай, Домалақ ана,
Жебеген шығар осылай.

Осындай «Далам, тауым!» – деген ынтықтық алаңдауын қоймай, ақын жүрегін алға қарай жетелейді. Мектеп бітіргер жылы Қайрат ақынның балалық мұны далалық дәстүрде тәрбиеленген ағаларының құлағына жетеді. Он алты жасында жазылған «Ауылым кетем» атты сағынышына Ерлан Төлеутай ағасы саз жазады.

«Ауылым кетем, бауырыма жетем мен ертен,
Сағынған шығар, адырлар, қырлар кең өлкем.

Қалам деп мұнда, толар деп мұңға жанарың,
Жабыға көрме, қамыға берме, сен еркем!», – деп тебіренеді он алты жастағы оқушы бала... Ерлан Төлеутай-Ерекең өзінің мерейтойында осы әннің кезегі келгенде: «Он алтыдағы баланың сөзіне ән жазып жүрген менде де ес жоқ!» – деп әзілдеген болатын. Балталасаң да бұзылмайтын балалық батуаға дауа бар ма?... Отан туралы ойлары кейінгі салмағы басым «Алаш анатомиясы» мен «Азаттық жыры» атты көлемді дүниеге ұласты.

«...Азаттық – көп аңсаған жұмақ төрі,
Алашқа осы болсын сынақ соңы.
Атам тұр батқан күннен сұрап соны,
Апам тұр атқан таңнан сұрап соны.
Қызым тұр шыққан күннен сұрап соны,
Ұлым тұр бір Тәңірден сұрап соны...», – деп бар Алашын отбасының айнымас арманына айналдыра тәмамдайды.

Иә, университеттегі ұмытылмас шақтар, Жайық Бектұров кітапханасындағы «БОТА» жастар орталығындағы балдоурен кездердің бәрі көзден бұл-бұл ұшты. Махаббат лирикасының маздайтын мезгілі де осы маусым. Өз кеудесіндегі арманшыл үмітпен; «Мен Өзінді...» – деген сағынышында:

«...Өлең-өмір, өмір-өзен тоқтамауы үшін де,
Жүректерді ізгілікпен отқа орауы үшін де,
Әр адамға керек сендей ақ арман!» – дейді досым... Ол өзінің жазу стилінен көшкен жоқ. Мәлдіретіп жазды, елжіретіп оқыды. Көш демекші, осы аттас өлеңінде де: «...Бүгін тағы көшіп барам күш алып, Сейіл салған Шәмші ағаның әнімен» – десе, «Шаңырағын өлеңменен жылытқан, мен әулие емеспін ғой Қасымнан» немесе « Егілген жоқ Жұматайша жүрегім, елу жеті қожайынға жауаңдап...» – деп өз-өзін жұбатады.

Қайрат сыртқы әсер мен ішкі түйсіктің нәтижесінде махаббат, ізгілік, сағыныш тақырыптарына мейлінше таза жүрекпен кірді, сезінді.

«...Сезім кірпіктің ұшына дірілдей қонған,
көзім бір тұтқын құбылған өмірге мынау...» – деп мұнаяды. Жүректен жүрекке жете барғаны болар, Ерлан Төлеутай ағамыз бен кешегі саңлақ Сейіл Аяған, Шыңғыс Мұқаев бауырымыз, досымыз Қамбар Таласбаев сөздеріне ән жазып, көпшіліктің назарына ұсынды. Барша қазаққа белгілі әнші жұлдыздардың орындауында жұртқа жария болды.

Қайратжанның жиырма жасын студенттік жылдарда бір күнде туған ақынжанды ағамыз Азаматпен (Шохшин) Теміртауда атап өткенбіз. Жиырма бес жасында 1940 жылы латын тілінде жарық көрген Абайдың кітабын сыйлағын едім (ол көшіп жүргенде жоғалып кетіпті). Отыз жасы да көмірдің орласында, көңілдің ортасында өтті. Ал, қырық жасында Қарағандыда жүріп, қазақ елін тамсандырған Қайратты қаперімізге ілмеген сияқтымыз... Періштенің тұзы жеңіл...

Диплом алысымен өзінің тұсауын кескен №2 Н.Нұрмақов атындағы мектепте мұғалім боп бастады. Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-де, «Болашақ» колледжінде ұстаздық қызметтер атқарды. Облыстық жастар саясаты басқармасының ресурстық орталығында рухани шаралардың басы-қасында жүрді. «Сауатқа Ақраға» медиа-холдингінің «Лайф-09» ақпараттық агенттігінде редактор боп, журналистиканың да дәмін татты. Астанаға қоныс аударатын жылы Кеншілер мәдениет сарайында ұйымдастырушылықпен айналысты. Сол 2024 жылдың басында маған хабарласып: «Рәкібай, желтоқсанда сенің елу жылдығыңды атап өтеміз, дайын бол!» – деп сүйіншілеген болатын. Мәдениет сарайының сол кездегі басшысы Жаролла Ақышев ағамызбен осы жайды реттеп қойған екен. Жұмыс жағдайымен сол сәтте де келе алмай қалды... Ол енді мүлдем келмейді... Керім жырларын оқығанда, кеңсірігін ашып, кемсендеп, көзіне жас келеді...

Ғұмыр жасың төртінші мүшелін жабатын еді, жұмыр басың оған жетпеді... Сен туған 13 қаңтар Қарағанды жұртшылығы үшін қара өлеңнің күні. Сен жасамасаң да жылуды мол жырларын жасай береді...Ізгі руһтың игілігін көр! Артыңдағы Алашын аман болсын!

Дұғалы дүниемді өзіңнің «Дауысыңмен» доғарсам...

«...Сағыныш бәрі сол шақтың,
Керемет күндер қайда әлгі?
Мәлт еткен кезде моншақ мұң,
Мөп-мөлдір әнге айналды...» (Шығыстың шәрбат таңы едің)
Іздейміз сені, ІЗГІ РУҒ!

Руслан НУРБАЙ,
ақын, Қазақстан
Жазушылар одағының мүшесі

Сурет ақынның отбасылық мұрағатынан

Тұяқ Момынұлы ӘБИЕВ

2026 жылдың 9 қаңтарында Қарағанды облысының еңбек сіңірген травматолог-ортопед, медицина ғылымдарының кандидаты Тұяқ Момынұлы Әбиевтің өмірден озғанын хабарлаймыз.

Тұяқ Момынұлы 1945 жылы 23 мамырда дүниеге келген. 1969 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген. ЖОО бітіргеннен кейін 10.07.1969 жылдан бастап Кеңес Армиясы қатарында рентгенолог-дәрігер, 1971 ж. бастап Қарағанды қаласының №3 қалалық ауруханасының травматолог - дәрігері, 1973 ж. бастап ҚММИ травматология, ортопедия және әскери-далалық хирургия кафедрасының аға зертханашысы болып қызмет атқарды.

1974-1977 жж Н.Н. Приоров атындағы орталық Травматология және ортопедия институты кезінде күндізгі аспирантурада болып, «Ересектердегі І-II сатыдағы диспластикалық коксартрозды жедел емдеу» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

1978 жылдан бастап ҚММИ травматология, ортопедия және әскери-далалық хирургия кафедрасының ассистенті, ал 1990 жылы осы кафедраның доценті болып сайланды.

Т.М. Әбиев Денсаулық сақтау практикасына жаңа ғылыми әзірлемелерді кеңінен енгізді, сондай-ақ өнертапқыштық пен рационализациямен айналысты. Оның 7 рационализаторлық ұсынысы, 3 өнертабысы бар. Травматологтардың ғылыми қоғамының отырыстарында және конференцияларда баяндамалар мен демонстрациялар жасады. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жүйелі түрде мерзімді баспасөзде жариялады. 60-тан астам ғылыми еңбектері бар.

Тұяқ Момынұлы Әбиев жоғары білікті оқытушы ретінде өзінің көп жылдық тәжірибесін студенттерге, жас мамандарға үйрете білді. Жалпы хирургия және травматология кафедрасының доценті міндеттерін атқара отырып, ұжымның әдістемелік жұмысына, факультет бейінші ескере отырып, бейінді оқыту әдістемесін әзірлеуге елеулі үлес қосты.

Т.М. Әбиев 2015 жылы «ҚММУ-дың дамуына қосқан үлесі үшін» П.М.Поспелов атындағы медальмен марапатталған, 2015 жылы «ҚР травматологиялық қызметін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны үшін Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасына және 2014 жылы жаңа қазақстандық қоғам құруға қосқан жеке еңбек және шығармашылық үлесіне ие болды.

Әріптестері арасында беделді, резиденттер мен жас дәрігерлерге үлгі бола білді. Ол жоғары жауапкершілік сезімімен, адалдығымен, пациенттерге сезімтал және мұқият қарауымен ерекшеленді.

Профессор Х.Ж.Макажанов атындағы көпбейінді ауруханасы ұжымы Тұяқ Момынұлы Әбиевтің қайтыс болуына байланысты орны толмас шығынға қайғыра отырып, туыстары мен жақындарына шын жүректен көңіл айтады. Тұяқ Момынұлы Қазақстан Республикасының травматология-ортопедия қызметінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, еліміздің барлық өңірлерінде еңбек етіп жүрген бірқатар шәкірт тәрбиелеген көрнекті тұлға ретінде жадымызда мәңгі сақталады.

№15

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Сүмен қамту сапасы жақсарды

Теміртау қаласында ауызсумен қамту сапасын арттыруға бағытталған ірі инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылды. Қаланың батыс бөлігінде орналасқан Заводская көшесіндегі магистральдық су құбыры толықтай қайта жаңғыртылып, нәтижесінде 18 мыңнан астам тұрғын тұрақты және сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңартылған су құбыры Нұра су алымының сорғы станциясын, «ТЭМК» АҚ аумағын және Абай көшесіндегі көтергіш сорғы станциясын өзара байланыстырады. Бұл нысан қаланың салқын сумен жабдықтау жүйесіндегі стратегиялық маңызды желілердің бірі саналады.

Аталған су құбыры алғаш рет 1954 жылы пайдалануға берілген. Уақыт өте келе, құбырлар әбден тозып, апаттық жағдайлардың жиілеуіне әкелген. Осыған байланысты жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Қайта жаңғырту жұмыстары бірнеше кезеңмен жүргізіліп, белгіленген мерзімде аяқталды.

Жоба аясында құбырдың өткізу қабілеті артып, диаметрі 500 мм-ден 630 мм-ге дейін ұлғайтылды. Құрылыс кезінде заманауи, сапалы отандық және импорттық материалдар қолданылған. Бұл алдағы жылдары сумен жабдықтау жүйесінің тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

– Біз ұзындығы 3,5 шақырым болатын су құбырының жаңа тармағын төседік, 18 құдық,

жаңа ысырмалар мен коллекторлар орнаттық. Жұмыстар бес ай бойы жүргізілді. Жобадан қарастырылмаған жартас топырақты учаскеде белгілі бір қиындықтар туындады. Оны игеру үшін екі шынжыр табанды экскаватор мен гидробалға пайдаланылды. Су құбыры кепілдікке қойылған, алдағы бес жыл бойы біз оны сүйемелдеп отырамыз, – деді учаске бастығы Олег Лемешков.

Мамандардың айтуынша, жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жүйедегі гидравликалық көрсеткіштер жақсарып, апаттық жағдайлардың алдын алу мүмкіндігі артқан. Бұл өз кезегінде тұрғындардың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді.

Айта кету керек, мұндай инфрақұрылымдық жобалар Қарағанды облысында коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға бағытталған кешенді бағдарламаның бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған су құбыры Теміртаудың батыс бөлігіндегі тұрғын үйлер мен өндірістік нысандарды үздіксіз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!

https://ortalym.kz/

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• САҚТАНСаң - Сақтайды

Қаһарлы қыстағы қауырт қимыл

Абай ауданындағы 42-жол-пайдалану мекемесінің қызметкерлері мен жұмысшылары қыс қаһарына мінгелі қауырт қимылға көшкен.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Арқа өңіріне қыс әдеттегіден кеш келгенімен де, желтоқсан айының ортасынан басталған қарлы боранның артында жаңбыр жауып, аяқ асты мен жол үсті көктайғаққа айналып, адам өмірі мен денсаулығына айтарлықтай қауіп-қатер төнген еді. Міне, осынау қысыптаяң сәтте аталған мекеменің жолшылары ештеңеге абдырамай, демалыс дегенді де мүлдем ұмытқан болатын.

– Осылай боларын сезіп-білгендей, тайғақ жолдың бетіне себу мақсатында 2 мың тонна қиыршық құм мен 60 тонна тұзды ерте бастан қамдап алғанбыз, – дейді осы 42-жол-пайдалану мекемесін 9 жылдан бері басқарып жатқан Нүргелді Сейфулғазин, – Бұл калал маусымдағы жұмыстарды атқаруға біздегі 37 адам мен 23 техника тәуліктің кез келген мезгілінде тастүйін дайын.

Жалпы, бұл мекеме ұжымы республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Шідерті» бағытындағы асфальт жолдың 158 шақырымына қызмет көрсетеді. Өткен жазда бұл жолдың 70 шақырымына «ҚАЖсервис» ЖШС ойнатқан тендер бойынша ағымдағы жөндеу жүргізіліп, мекеме басы мен Ақой ауылында техникаларын қоюға арналған жабық аңғарлар салынып, өздері жол бойына 180 белгі қойып, 900 қума метр жолға қар тоқтататын ағаш қалқандар орнатыпты. Жолдың қалған бөлігін жөндеу биыл да жалғасатын көрінеді.

Қазірде мекеме жолшылары өздеріне қарасты жол үстінде апатты жағдайлардың алдын алу ниетінде оған тұз бен қиыршық құм себуді



тоқтатпай, жол жиектерін, оның бойында тұрған аялдамалар мен дөретханалар маңын техникамен, ол бара алмаған жерлерде қол күрекпен аршып, тазалаумен айналысуда. Шүкір, әзірге ешқандай тосын жол-көлік оқиғасы мен қыс ішінде далада қалғандар жоқ екен.

Айту керек, ел амаңдығы жолында жүрген бұл мекеме ұжымы бүгінгі заман көшінен де қалыспай, бастан аяқ цифрландыруға көшіп болыпты. Мұндағы техникалар мен құрал-саймандардың барлығы, тіпті, қосалқы бөлшектердің есебі мен қозғалысына дейін цифрландырылып, мекемеге кіреберіс ауыздағы

лиар-код ұжым мүшелерінің жұмысқа келген-кеткен уақытын көрсетіп тұрса, тіпті жол бойындағы дөретханалар қабырғасына ілінген осындай кодтар бойынша олардың тазалығы туралы тиісті жеріне хабарлауға да болады.

– Ендігі бізге жетіспей тұрғаны – жасанды интеллект қана. Сәтін салса, оны да қолдана-тын күн алыс емес деп ойлаймын, – дейді әңгімесінің соңында Нүргелді Сейфулғазин.

Абай ауданы

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» алаңға қайта оралды

«Шахтер» футбол клубы жаңа маусымға дайындық жұмыстарын бастап кетті. Бұл жолы клуб мүшелері оқу-жаттығу жиындарын өткізу үшін Түркияға аттанды. Енді олар маусым алдындағы негізгі дайындық кезеңін 22 қаңтарға дейін Анталия қаласында жүргізетін болады.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-жаттығу жиыны барысында команда ойыншыларының физикалық дайындығын арттыруға, тактикалық машықтарын шындауға және алаңдағы өзара түсіністікті жетілдіруге айрықша мән берілмек. Сонымен қатар, «Шахтер» клубы Түркиядағы дайындық кезеңі аясында екі жолдастық кездесу өткізуді жоспарлап отыр. Бұл матчтар команданың жалпы дайындық деңгейін бағалауға, футболшылардың мүмкіндігін толыққанды сынап көруге мүмкіндік бермек. Клубтың бас бапкері Дмитрий Огай команданың оқу-жаттығу жиыны жайында сөз қозғап, командада жастардың көп екендігін баса айтты.

– Жігіттердің көңіл күйі жақсы. Көптен күткен дайындық кезеңінің басталғанына қуанышты. Ең бастысы – барлығы сап-та, футболшылар өздерін жақсы сезінеді. Шымкентте біз селекциялық-танымдық оқу-жаттығу жиынын өткізген болатынбыз. Енді осы жерде де ойыншылармен жеке жұмыс жүргізіп, оларды жақынырақ тани түсеміз. Бұл кезең, негізінен, физикалық дайындыққа басымдық беруге бағытталмақ. Сонымен қатар, техникалық, тактикалық жұмыстарды да қатар жүргіземіз. Күштік дайындық пен жалпы төзімділікті арттыру жаттығулары да жоспарға енгізілген. Құрамда жастар көп. Осы жиын бары-



сында олардың әлеуетін тереңірек бағалауға мүмкіндік аламыз, – деді ол. Сонымен қатар, бас бапкер қосымша тағы да дайындық жұмыстарын өткізетінін мәлімдеді. – Команда – тірі ағза секілді. Маусым барысында түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Жарақаттар, құрамдағы өзгерістер, жаңа футболшылардың қосылуы. Мұның бәрі бәсекелестіктің бір бөлігі. Қажет болған жағдайда құрамды күшейтетін ойыншылар да тартылуы ықтимал. Бұл жиыннан бөлек, Түркияда тағы екі оқу-жаттығу жиынын өткізу жоспарда бар. Қазіргі уақытта Бірінші лига ойындары нақты

қашан басталатыны әзірге белгісіз. Сондықтан, қосымша бір дайындық кезеңін Шымкентте немесе Астанада өткізуіміз әбден мүмкін, – деді Дмитрий Огай. Естеріңізге сала кетейік, былтыр қарағандылық «Шахтер» Бірінші лигада өнер көрсетіп, маусымды IV орынмен аяқтаған болатын. Биыл клуб басшылығына, ойыншыларына артылған міндет зор. Яғни, Премьер-Лига сапына оралу. Ал, биыл команда Премьер-Лига жолдамасына қол жеткізе ала ма?


Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қытайдан бұйырған қола

Қытайдың Лучжоу қаласында GAMMA халықаралық қауымдастығының ұйымдастыруымен аралас жекпе-жектен Азия чемпионаты өткен болатын. Сол чемпионатқа қарағандылық Марат Сражатов ел атынан сыңа түсіп, қола жүлдеге қол жеткізді.

Жерлесіміз аталған чемпионатта 60 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен. Жарыс жолында екі кездесу өткізіп, чемпионаттың қола жүлдегері атанды. Жалпы, спортшы облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкері. Осыдан бес жыл бұрын осы спортқа қайта келіп, түрлі турнирлерге қатыса бастаған. Содан былтыр ел чемпионы атанады. Одан бөлек, Азия чемпионатына жолдама еншілеп, биыл сол бәсекеден қола жүлдеге қол жеткізіп отыр.



– Спорттың осы түріне кішкентайымнан қызығатынымын. Мақсат Қарабаев пен

Ерлік Елеубеков ағаларым спортзалға апарып, спортқа баулыды. Бүгінде қос ағам – менің бапкерім. Бес жыл бұрын спортқа қайта келіп, үлкен мақсат қойдым. Бүгінде түрлі байқауларда бағымыз жанды. Жалпы, спорт төзімділікке үйретеді. Ал, аралас жекпе-жек – басқа спорт түрлерімен салыстырғанда айрықша қиындыққа ие. Бұл спортта ең бірінші орынға жылдамдық шығады. Менің құтқарушы ретіндегі қызметімде жылдамдық – басты талаптардың бірі. Сондықтан, аралас жекпе-жекпен шұғылдану тек спорттық шеберлікті дамытып қана қоймайды. Сәйкесінше, құтқарушы қызметінде де баға жетпес дағды, – деді Марат Сражатов.

Өз тілшімізден

Сурет М.Сражатовтың жеке мұрағатынан

• ХОККЕЙ

Қарымтада қапы қалмады

Хоккейден ел чемпионаты жалғасуда. Қарағандылық «Сарыарқа» кезекті турда өз алаңында рудныйлық «Горнякты» қабылдады. Жерлестер бірінші кездесуде 1:3 есебімен жеңілсе, қарымтада 4:1 есебімен есе қайтарды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Көрсеткіштерге сүйенсек, қос команда былтыр жеті ойын өткізіпті. Оның алтауында жерлестердің асығы алшысынан түскен. Бұл жолы да жанкүйерлер алаң иелерінен қос кездесуде де жеңіс күткен еді. Өкінішке қарай, «Сарыарқа» бірінші кездесуінде жеңіске жете алмады.

Жалпы, бірінші кездесуде қос команда екі айналымда тең түсті. Екі команда да есеп аша алмады. Бірақ, сәтті шабуыл, жойқын соққылар болды. Алайда, қос команда қақпашысы қателікке бой



алдырмай, шайбаны қақпаға өткізбеді. Тек, үшінші айналымда

ғана қарсыластар бірінші болып есеп ашты. Десе де, алаң иелері

сапынан Руслан Демин 47-минутта көзге түсіп, таразы басын теңестір-

ген. Есеп – 1:1. Бірақ, 52 және 59-минутта қарсыластар қақпадан саңылау тауып, жеңіске жеткен еді. Қарымта кездесуде керісінше, «Сарыарқа» қарсыластарға мүмкіндік қалдырмады. 12-минутта Руслан Демин, 24-минутта Егор Смольников, 30-минутта Александр Борисевич қарсылас қақпасынан саңылау тауып, таблодағы көрсеткішті 3:0-ге жеткізді. Ал, екінші айналымның аяқталуына бірнеше минут қалғанда «Горняк» шабуылшысы Данила Платонов жауап қайтарып, есеп алшақтығын қысқартқан-тын. Үшінші айналымда Александр Борисевич ойындағы екінші шайбасын салып, командасына жеңіс сыйлады. – Алғашқы кездесуде сәттілік жетіспеді. Мүмкіндіктер көп болды. Бірақ, біздің жігіттер бірде-біреуін дұрыс пайдалана алмады. Ойын біз ойлағаннан да тартысты өтті. Ең болмаса, есепті тең ұстаймыз ба деп едік. Өкінішке қарай, соңғы айналымда сан соғып қалдық. Десе де, жігіттер соңына дейін күресті. Бірінші кездесуде

кеткен есемізді қарымта ойында қайтардық. Мұз айдынына шықпас бұрын жігіттердің жігерін жанылдым. Жалпы, кездесуді жеңу үшін әр ойыншының көзінде от болу қажет. Ойын алдында команданы жігерлендіріп, әрқайсысына тиісті тапсырма бердім. Сәйкесінше, жігіттер бірінші ойында кеткен есемізді қайтарды, – деді «Сарыарқа» хоккей клубының бас жаттықтырушысы Владимир Князев. Қазіргі таңда жерлестер турнир кестесінде 63 ұпаймен көш бастап келеді. Одан кейінгі сатыда елордалық «Nomad» хоккей клубы. Олардың еншілерінде – 62 ұпай. Ал, үздік үштікте 59 ұпаймен өскемендік «Torpedo» клубы. Бірақ, «Nomad» пен «Torpedo» клубының әлі ойнамаған екі ойыны бар. Егер, қос команда алдағы екі ойында жеңіске жетсе, жерлестер төменге сырғиды. Қысқасы, чемпиондыққа талас енді қыза түсті.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Ел мерейі үстем

Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптар академиялық оркестрі мен «Ақ-қу» фольклорлы-хореографиялық ансамблінің Оман Сұлтанатына гастрольдік сапары өтті. Өнер сапары 3 қаңтарда басталып, 11 қаңтарда аяқталды.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Ұжымдар араб әлеміндегі ең көрікті қалалардың бірі – Маскат қаласындағы Корольдік опера театрында ұйымдастырылатын Әлемдік музыка және би фестиваліне ресми шақырту алған еді. Бұл мәдени іс-шара халықтар арасындағы мәдени алмасу мен өзара рухани байланыстың нығайтуына алаңна айналған. Фестивальге 5 мемлекеттен шығармашылық ұжымдар қатысуда. Бахрейн, Мексика, Венгрия, Оман және Қазақстан.

Белгілі әнші, Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестік директорының орынбасары, «Құрмет» орденінің иегері Сержан Мұсайын фестивальде қарағандылық өнер ұжымдары жоғары деңгейде өнер көрсеткенін айтты. – Қарағанды концерттік бірлесті-

гінің шығармашылық ұжымдары үшін Корольдік опера театрында өнер көрсетіп, Араб әлемінің қайталанбас мәдениеті мен сұлулығын көзбен көру – зор мүмкіндік болды. Оман жұртшылығы Қарағанды ұжымдарының жоғары кәсіби деңгейін лайықты бағалады. Біздің ұжымдар шақырылған қатысушылардың ішінде алғашқылардың бірі болып сахнаға шықты, – деді Сержан Мұсайын.

Фестивальге Маскат қаласының ресми өкілдері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Оман Сұлтанатындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Айдарбек Тұматов отбасымен, музыка профессоры Иссам Эльмаллах және басқа да мәртебелі қонақтар қатысты.

Сурет облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының баспасөз қызметінен

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Көркемдікке күштар жандар

Қарағандыда шығармашылыққа, өмірдің көркем көріністеріне күштар жандардың ортасы бар. Мәселен, облыстық бейнелеу өнері музейінің жанында «Дружба» клубы жұмыс істейді. Міне, сол клуб өкілдері көрме ұйымдастырып, шығармашылық туындыларын ел назарына ұсынды.

Музейдегі «Дружба» клубы – жай ғана шығармашылық бірлестік емес, ол бес жыл бойы адамдарды біріктіріп келе жатқан рухани орта, мейірімділік пен өмірлік даналықтың орталығы. «Белсенді ұзақ өмір сүру» бағдарламасы аясында құрылған клубқа түрлі жастағы, өмірге күштарлықтары ортақ жандар қатысады. Олардың арасында зейнеткерлер, шығармашылықты серік еткен адамдар, қолөнерге қызығатын әуесқойлар мен өз ісінің шеберлері бар.

Көрмеге қатысушылардың кейінгі бес жылда жасаған еңбектері қойылды. Онда ұсынылған туындылар тек әдемілік үшін жасалған бұйымдар емес. Әр туынды –

табандылықтың, ізденістің, қуаныш пен шынайы еңбектің нәтижесі. Әр туындыда жүрек жылуы, өмірге деген сүйіспеншілік пен шығармашылықтың күші жатыр.

Клуб құрамында көп жылдық тәжірибесі мол, өмір жолының талай белестерінен өткен, тағдырдың өзіндік сынын көрген жандар бар. Дегенмен, олар үшін жас тек сан ғана. Шеберлік сағаттарына тұрақты түрде қатысып, түрлі техникада жасалған бұйымдарды меңгереді. Мәселен, кесте тігуді, сурет салуды, оригами, жүн басу сияқты жаңа бағыттарда жұмыс істейді.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ө. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ИЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК КСЦБЗКХ БИН 000840001412 Таралымы 3 969 №3 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР
---	---	---	---